



Бекітемін
«Алтын бесік 1» бөбекжас бейсбол клубының
меңгерушісі: Бейсебаева А.Т.

АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ!

(ертеңгілік)

«Ертөстік» тобы

2018-2019ж

Қасымжан С.О.

Тақырыбы: «Алғысымыз шексіз!»

Мақсаты: Балалардың бойында сыйластық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері: Ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру
Үлкен, кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым қатынастарын дамыту.

Әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Әдіскер: Бейсебаева А. Т. кіріспе сөз

Тәрбиеші: Армысыздар құрметті қонақтар, ата -аналар және тәп -тәтті бүлдішіндер! Сіздерді бүгінгі бірінші наурыз алғыс айту мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға береке, елімізге тыныштық тілей отырып, «Алтын бесік» балабақшасында тәрбиеленіп жатқан «Ертөстік» тобының бүлдіршіндерінің «Алғысымыз шексіз» атты ертеңгіліктерін қабыл алыңыздар.

Ендеше бүлдіршіндеріміздің «Көктем» биін тамашалаңыздар.

Қонақтарға гүл шоқтары ұсынылады.

Амина: Салеметсіздер ма құрметті қонақтар, ата- аналар және бүлдіршіндер!

Санжар: Здравствуйте, уважаемые гости, родители и детишки!

Аңсар:Гуд монинг дие честь энд чилдрен!

Ажар: Сіздерді бүгінгі бірінші наурыз алғыс айту мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мұхит: От чистого сердца поздравляем вас с праздником первого марта день благодарения!

Сабина:Уй кенгратулейт ю виз дойз форст мач сэнкс гивинг дей!

Абай: Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақыт, жұмастарыңызға табыс тілейміз!

Нұрзада: Желаем вам крепкого здоровья, семейного счастье и успехов в работе!

Дарын:Ай виш ю хэлз,хэпинеэ энд уелс!

Бүлдіршіндердің орындауында хор «Біз бақытты баламыз»

1. **Айбике:** Аллаға әуелі мың алғыс!

Тірлікті мынау жаратқан.

Анаға шексіз мың алғыс!

Ақ сүт берген толғатқан.

2. **Нұржан:** Әкеге айтам мың алғыс!

Ұрпақтар жібін таратқан.

Бауырға туған мың алғыс!

Қолдаған, сүйген, жұбатқан.

3. **Бекеұлтан:** Ұстазға ұлы мың алғыс!

Нәрімен білім сусатқан.

Балалық досқа мың алғыс!

Қуанған бірге мұндасқан.

4. **Айару:** Далаға айтам мың алғыс!
Күн шауағымен жылытқан.
Халқыма туған мың алғыс!
Шындаған, елге танытқан!
5. **Зурум:** Қазакка дархан мың алғыс!
Салт санасын сіңірген.
Жеріме байтақ мың алғыс!
Таза ауа үшін сімірген.
6. **Санди:** Ата -апама мың алғыс!
Еркелігімді түсінген.
Барша әлем саған мың алғыс!
Әр күнімді кешірген.
7. **Балнұр:** Күнімізге мың алғыс!
Алаулаған от жалыны.
Айымызға мың алғыс!
Қараңғы түнде жарығы.
8. **Ажар:** Суымызға мың алғыс!
Тіршілік нәрі болғаны.
Отымызға мың алғыс!
Лапылдап жанған жалыны.
9. **Аяла:** Ауылыма мың алғыс,
Кіндік қаным тамғаны,
Қазақстанға мың алғыс!
Тыныш өмір сыйлағаны.

Мың бұралған бишілеріміздің орындауында: «Хафанана» биін тамашалаңыздар.

Алдарыңызда төрт әже бейнесіндегі ұл балалардың әзіл әндері

Асылжан: Келіннен қорқып саспайық,
Келіндер өсек бастайық.
Немеренің әр түрлі,
Қылығын айтып тастайық.
Апыр- ай, белім- ай,
Қайда кетті келін- ай?

Муслим: Немерем менің қазақша,
Таза сөйлей алмайды.
Орыс тілде сөйлесе,
Алдына жан салмайды.

Ойпырым- ай, сұмдық- ай.
Ұят екен маскара-ай!

Санжар: Немерем менің компьютер,
Ойынына тоймайды.
Тамаққа да карамай,
Үзіліссіз ойнайды.
Ойпырым -ай, сұмдық- ай,
Бұл не деген маскара- ай!

Әлібек: Немерем менің сабақтан,
Екі алып келеді.
Жамандаса апайын,
Келін соған сенеді.
Ойпырым -ай сұмдық- ай,
Ұят екен маскара- ай!

Асылжан: Немерем менің теңгеге,
Үйір болып алыпты,
Он теңгені сағызға,
Аямай бере салыпты.
Ойпырым- ай, сұмдық- ай,
Бұл не деген маскара- ай.

Санжар: Келіндер келіп қалған ба,
Біз де үйге кетейік.
Немере тәтті жалғанда,
Барын шүкір етейік.
Апыр -ай, белім- ай,
Шай койдың ба келін- ай?

**Әбілмәжін Мұхит, Илияс Абай, Атабек Аңсардың орындауында ән
«Туған жер»**

**Бәрімізде ертегі тыңдап өскенбіз. Бір сәт балалық шаққа саяхат жасап
«Мақта қыз бен мысық» ертегісін тамашалайық.**

**Бір сәт көңілдеріңізді көгілдір экранға аударып, алда келе жатқан
аналар мерекесін де еске алайық. «Ана туралы слайд»**

**Алдарыңызда бүлдіршіндердің орындауында «Қасиетті домбыра» биін
тамашалаңыздар.**

**Аналарымыздың мерекесіне арналған «Анашым» әні мен сыйлықтарын
кабыл алыңыздар.**

